

М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі

бағыты : Рухани- адамгершілік тәрбие

Шет тілі пәнінің оқытушысы

Садыкова Э.Ж.

ББ-П-16 тобының жетекшісі

(Жасөспірімдер арасындағы суицид проблемасы туралы айту,
оның алдын алу үшін проблемаларды шешу жолдарын сарапқа
салу.)

Сабақтың мақсаты:

1. Өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынаста болуын қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру.
2. Түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу.
Бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру.
3. Қайырымдылыққа, білімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- өмір жолының, өз алдына қойған өмірлік мақсат-мұраттары мен жалпы адамгершілік құндылықтардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру;
- оқушыларды өз өмірінің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата отырып, өмірлік айқындамасын белгілей білуге үйрету;
- оқушыларды өз өміріне, өз сөзі, ойы және әрекетіне мұқият болуға тәрбиелеу.

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап жөнелтеді әр күнін.
Сәл қайғырса, ол ұғына түседі,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап ұзартады әр күнін.
Сәл қуанса, шығарады ол естен,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

Тұманбай Молдағалиев

Өмір дегеніміз не?

Оның қандай құндылықтары бар.

Өмір адамға несімен қымбат?

Ал, бақытты қалай түсінеміз?

Бақыт адамға не үшін керек?

Бақытқа жету үшін адамға не істеу керек деп ойлайсыңдар?

Қандай адамды «Басына бақ қонған» деп айта аламыз?

Өз-өзіне қол салу-суицид. Жаратқанның адамға берген ең үлкен игілігі-өмір болса, сол өмірге өкпелеп, өзіне-өзі қол салатындардың әрекеті бардың қадірін білмей, бақты басқа тепкенмен бірдей десек, артық айтқандық емес. Өкінішке орай уақыт өткен сайын мұндай қадамға барушылардың қатары көбейіп, мұның өзі бүгінде әлемдік дәрежедегі өзектік мәселеге айналып отыр. Оның дәлелі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 10 қыркүйектің өзі-өзіне қол жұмсаудың алдын алу күні деп жариялап отыр.

Оны дүниежүзілік термині суицид деп атайды. Осы суицид қазір қалада да, ауылда да жиі кездесіп жататын құбылыс болып алды. Мұндай қадамға баратындардың қатарында бесіктен белі шықпаған жас балалардан бастап, ата-сақалдары ауызына түскен қарияларға дейін бар. Олардың арасында тұрмыстың тауқыметіне шыдамаған, тұрмысы төмен жандар да, шылқыған байлар да, қатардағы қызметкерлер мен лауазымды басшылар да кездеседі. Осыған қарап суицид деген кесапаттың тұрмысқа да, қоғамдық дәрежеге де, жасқа да қарамайтындығын бағамдайсын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарағанда жыл сайын 900 млн.-нан астам адам өзін-өзі өлтіреді екен.

Баяндама оқу.

*Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
1983 жылы есебі бойынша суицидтен
500 мың адам, ал 15 жылдан кейін ол
820 мыңға жеткен, ал 15 жылдан соң
1,5 млрд. болды деп жорамал жасалып
отыр...*

Акша

Компьютер

Денсаулық

**Бақытты
болу үшін ең
алдымен не
қажет?**

Түсінушілік

Ұялы телефон

Ата-анаң

Бақыт әркімнің өзіне, өмір сүрген ортасына, жағдайына байланысты.

Бақыт дегеніміз-өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі өмір сүру, адал болу, майдалықтан, іштарлықтан қашық болу. Өмірдің кедір-бұдыр жерлері толып жатыр. Олар әр адым сайын ұшырасады. Оларды именбеу, жасқанбау, азаматтық міндетін адал атқару мен ар-намысты қорғау-ол да бақыттың бір шыңы. Ештеңеге мойымай, өзіңе сенімді болсаң, міне сол бақыт.

Қиындықты жеңсен-бақыт.

«Бақыт»-ол адамның ішкі дүниесіне байланысты. Кейбір адамдар, бақытты тәтті шоколад жепте сезінеді. Ал, кейбіреулері спортпен шұғылданып сезінеді. Әр адам өзіне ұнайтын іспен шұғылданса, сонда бақытты болады.

Адамға кездесетін қандай қиындықтар бар?

Суицидке баратын негізгі себептер не деп ойлайсың?

Жауабын жазып, ортаға салындар.

Төменде берілген ситуацияларды сен қалай шешер
едің.

Осы қабылдаған шешімі дұрыс деп ойлайсың ба?
Дәлелде.



Мені сыныптастарым, жақсы оқығаным үшін, көп білгенім үшін ұнатпайды. Мен ВУЗ-ға түскім келеді. Бірақ, менің отбасымның жағдайы жоқ. Әкем жұмыссыз, анамның денсаулығы жоқ. Менің болашағым жоқ. Менің өмір сүргім келмейді.
Маған қалай көмектесе аласыңдар?

Менің әкемнің жеке тікұшағы бар. Ол бизнесмен. Біз шылқыған баймыз. Бізде бәрі бар. Бірақ, мен өзімді бақытсыз сезінемін. Достарымда аз, ата-ананың жылулығы жоқ. Мен бұл байлықтан шаршадым. Бұған төзе алмаймын. Не істеймін?

Ата-анасы ішімдікке салынған. Үйінде өмір сүруге жағдай жоқ, қара нан мен қара шайдың өзі сирек кездеседі. Шешімі қоштасу болады

Қорытынды:



Өмірдің мәні неде?

Қанатты сөздерге көз салыңыз.

Өмір туралы өз ойыңызды жинақтап, ойтолғау жазыңыздар. Бүгінгі сабақтан қандай түйін алдыңыздар?



Ұлылар өмір туралы

Дән көтерген құмырысқаға тимендерші, алысқаны өмір ғой, өмір сондай абзал ғой.

Фирдоуси

* * *

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық.

Абай

* * *

Өмірді сүйсең уақытты оздырма – ол тіршілік арқауы.

Венналин Франклин

* * *

Уақыттың босқа кеткеніне оны бағалайтын адам ғана қиналып,
қынжылады.

Иоганн Гете

Өмірдің қызығын көрудің бір-ақ жолы бар батыл болып, жеңілісттер
мен ауыртпалықтардан қорықпау.

Дж. Неру

Адам өзге тұрмақ,өзінен жасырар ойы болады. Әркімнің өз тілегі өзінде,қайғысы да қабырғасының астында. Бірақ адамның ең басты қасиетінің өзі-туған күнінен бастап жалғыздықпен күресіп,арпалысуы, ізденуі болмақ. Әйтпесе шын мәніндегі жалғыздық түпсіз қара түнек,шыңырау,ауыр жүк. Сондықтан адам баласы туа салып айқайлап жылап,қасына адам жинайды,анасын іздейді. Дос іздейді. Махаббат іздейді. Қоғамнан өз орнын,тіршіліктің мақсатын іздейді. Өмірдің өзі ақ пен қарадан,ауыр мен жеңілден тұрады. Барлық қиындықты жеңсек-өмірдің мәні, адамның ұлылығы болмақ.

Ұран:

Біз өмірді сүйеміз!

Бақытты өмір сүреміз!

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

